*Суретшілер одағының мүшесі. 2000-ші жылы «Қазақстан футбол кубогы» символикасы сайысының жеңімпазы атанды. Қазақстан Республикасының футбол Федерациясы үшін арнайы эмблема әзірледі. 2009-шы жылы Астанада өткен «Мен өмір сүретін әлем» атты сайысында 2-орын жүлдегері атанды. Республикалық, халықаралық көрмелер мен симпозиумдардың тұрақты қатысушысы. Сондай-ақ мүсін және қыш өнері шеберлік сағаттарының ұйымдастырушысы. Ол үнемі шығармашылық ізденіс үстінде. «Балаларға өз шеберлігімді үйрету мен үшін үлкен бақыт» дейді ұстаз.*





# БІР УЫС САЗТОПЫРАҚ



Шеберлер қалашығындағы мүсінші Еркінбек ағайдың үйірмесіне балалар топ-тобымен кіріп, оқушылар қолымен сазтопырақтан жасалған дүниелерге қызыға қарап, бейне бір мұражайды аралап жүргендей болады. Шабыттанған оқушылар бәрін жасауға ұмтылады.

Мен алғаш мүсіншіні көргенімде қолдары ебедейсіз сияқты, саусақтары жуан көрінді. Ермексазбен, балшықсазбен жұмыс істей келе нағыз епті қолды көріп таң қалдым. Ойдан шыққан еңбектерін өзі жасап және балаларға үйретіп отыратын салмақты да, сабырлы мүсінші Еркінбек ағайды қатты ұнаттым. Балшықсазды бізге табиғат-ана береді, сондықтан ол тірі. Жасап отырған кейіпкермен әңгімелесе, сөйлесе отырып жұмыс істеу керек, тіпті бейне тірілгендей болады. Бір уыс сазтопырақты қыш жабдығына салып жасаған ыдысты кептіру, әрлеу, пеште күйдіру, көркем сурет салуды жәймен ұғындырып нұсқау береді. Мен Еркінбек ағаймен бірігіп, табиғат көріністерін, ауыл кеші көңілді деген тақырыпқа және Бәйтеректі, Алтын адамның мүсінін ермексазбен жасадым.

Ал, мен өзім жас тілші ретінде Еркінбек ағайға бір-екі сауал қойдым. Анасы 10 саусағынан өнері тамған кестеші, нағашы ағасыда өнерден кенде қалмаған кісі екен. Ағайдың өнер жолы ана сүтінен дарыса керек. Ерте балалық шағында Талдықорған облысының Сарқанд қаласында Белов Александр Павлович атты ұстаздан тәжірибе алады. Есейген кезінде Т. Жүргенев атындағы институттың декоротивті қолданбалы өнер факультетінің керамика бөлімін бітіреді. Бүгінгі күнде Астана қаласындағы бірегей оқушылар сарайындағы керамикалық мүсін студиясында еңбек етеді. «Бес жастағы баладан бастап ересек балаларға дейін студияға келгенде шабытым оянып ерекше ықыласқа бөленемін» - дейді ұстаз. Балалардың ішкі дүниесін мүсіндеу өнері арқылы сыртқа шығара білген ұстазым Еркінбек ағайға менің алғысым шексіз.

*Жас тілші: Байкенов Мирас*
*Астана қаласы, №63 мектеп,*
*6 «А» сынып оқушысы*



Волейбольная команда Дворца школьников, тренировки, соревнования, сборы - все находится в надежных руках **НИКОЛАЯ САРИНА**, тренера высшей категории Республики Казахстан

**PROФАЙЛ*****

*Тренер - международник, неоднократный чемпион Республики Казахстан среди молодежи по волейболу, первый чемпион Студенческих молодежных игр по волейболу, дву+кратный обладатель Кубка Республики Казахстан по волейболу*



# ВОЛЕЙБОЛ ВОСПИТЫВАЕТ ЧЕЛОВЕКА



На протяжении уже 17 лет Николай Зекенович работает и трудится, развивая один из популярнейших видов спорта – волейбол, а с января 2009 года воспитывает юных спортсменок Дворца Школьников. В самом начале своей спортивной деятельности его команда уже заняла II место в Чемпионате молодежных игр Республики, где тренеру был присвоен статус кандидата в мастера спорта. В этом же году был выигран Кубок среди команд Казахстана.

Николай Зекенович обучался в городе Москве, там же за свои заслуги перед отечественным спортом он удостоился звания «Отличник народного просвещения России».

«Удачно выступить в Высшей Лиге чемпионов Республики Казахстана 2013-2014 года» - вот основная цель команды на данный момент, добиться которой можно упорными стараниями и усилиями под чутким руководством Николая Зекеновича.

Волейбол всегда был для него одним из важнейших видов спорта. Он отдает себя всего волейболу. Кроме того тренер занимался баскетболом, совмещая с серьезным увлечением лыжным спортом. Сейчас же все его силы направлены на обучение волейболисток игре и дисциплине. Задача преподавателя привить своим волейболисткам любовь к спорту, воспитать целеустремленность и стремление для улучшения их спортивного потенциала. В таком виде спорта как волейбол на первом месте стоит умение играть в команде, сила воли и сосредоточенность,. Этому и учатся девушки в волейбольной секции под руководством тренера международного класса.



Плюсов занятия спортом, а именно волейболом, очень много, ведь не напрасно люди посвящают этому жизнь, силы и энергию. Не зря стараются тренеры и волейболисты, посещая секции и занятия.

Волейбол - это крепкое здоровье, хорошее телосложение и воспитание необходимых человеческих качеств. Он формирует не только хорошую реакцию, координацию и контроль тела, этот спорт также способствует воспитанию морального духа человека.

*Салтанат Сабыр,*
*школа-лицей №1, 9 «Б» класс*

**КУАТ МОМЫНАЛИЕВ -** личность в казахстанской научной среде довольно известная. Врач-биофизик, именитый профессор, доктор биологических наук два года назад был приглашен для создания в Казахстане геномной лаборатории. Во Дворце школьников ученый руководит научно-исследовательским кружком «NextBio».

**- Вы именитый профессор, доктор биологических наук. Поделитесь секретом успеха. Как стать таким же хорошим ученым?**

У меня мама работала в химическом институте, поэтому я всегда пропадал в ее лаборатории. Я любил точные науки (математика, физика), но мне нравились и биология и химия. Для меня компромиссом была специальность на стыке этих направлений, поэтому я выбрал профессию врача-биофизика. И по этой специальности я работаю уже 20 лет.

На мой взгляд, чтобы стать хорошим ученым, необходимо, во-первых, осознанно подойти к выбору профессии, а во-вторых, быть верным своему выбору и идти до конца по своему пути несмотря ни на что. Еще немаловажно постоянно развиваться, не останавливаться на достигнутом. Сегодня у молодого поколения есть возможности для осознанного выбора: доступность Интернета, заочное или очное участие в различных сообществах по интересам и т.д. В целях формирования научного мышления у учащихся школ во Дворце школьников г.Астаны работает второй учебный год научно-исследовательский кружок «***NextBio***», созданный при участии нашего Центра. Здесь имеются все условия для становления будущих ученых-биологов и биотехнологов, владеющих современными теоретическими знаниями и практическими методами науки.

**- А теперь поговорим о Вашей работе. Расскажите о своих последних исследованиях в биотехнологии.**

Моя цель – приступить к разработке технологии создания искусственных органов на основе клеточных технологий или 3Д-принтинга. В настоящее время очень большое количество людей на планете страдает от того, что их органы (сердце, почки, печень, легкие, сосуды и т.п.) неизлечимо больны. Спасти таких людей может только трансплантация нового органа. В настоящее время органы трансплантируются от живых или мертвых доноров, но все равно их катастрофически не хватает. Поэтому необходимо развивать новые подходы к созданию таких органов за счет новых технологий. Сейчас я с коллегами прорабатываю теоретическую возможность создания отдельной структурно-функциональной единицы почки – нефрона. После этого мы приступим к практической реализации этой идеи.



**- С Вашим именем связывают надежды на определенный прогресс в развитии казахстанской медицины. А какая она, казахстанская медицина, сегодня?**

Казахстанская медицинская теория и практика так же, как и мировая, с развитием новых технологий претерпевает принципиальные изменения. Медицина сегодня обладает средствами не только лечения болезней, но и управления человеческой жизнью. Новые биомедицинские технологии обеспечивают реальную возможность «давать» жизнь(искусственное оплодотворение), определять и изменять ее качественные параметры (генная инженерия), предсказывать болезни (генетический паспорт), отодвигать время смерти (реанимация, трансплантология, геронтология).

**- В своей профессорской работе Вы писали о проблеме исчезновения бактерии *Helicobacterpylori.* Что скажете о полезных бактериях тем, кто про это ничего не знает?**

В природе все продуманно, и все живые организмы в том числе, и бактерии, находятся в постоянном равновесии и взаимодействии между собой. При этом в одних случаях это взаимодействие может способствовать развитию болезней, а в других – защищать от них. Исчезновение одного из участников взаимодействия может также привести к значительным последствиям. Например, в желудке человека обитает бактерия *Helicobacterpylori,* которая провоцирует развитие гастрита и язвы желудка, а также рак. Естественно, что человечество принялось активно бороться с этой бактерией для снижения риска развития рака и язвы желудка.

Возможно, впервые за всю историю человечества, растет поколение детей, не имеющих в своих желудках *H. pylori,* которая способствует развитию иммунной системы, гормональной регуляции энергетического гомеостаза и регуляции кислотности желудка. Утрата этого древнего, неизменного члена нормальной микробиоты человека будет иметь последствия.

Основное же внимание ученых направлено на внекишечные проявления исчезновения *H. pylori,* включая нарушения энергетического гомеостаза (ожирение) и бронхиальную астму. Обратная связь между *H. pylori* и детской астмой, аллергическим ринитом и атопией становится все более очевидной. И хотя это может быть лишь вторичным патологическим явлением как часть более глобального изменения микроэкологии человека, существуют четкие доказательства биологической роли исчезновения *H. pylori* в увеличении аллергической заболеваемости детей.

Смотрите nextbio.kz

# ЧТО ТАКОЕ БИОТЕХНОЛОГИЯ?






# ЖОЛЫ БОЛҒЫШ ЕРКЕШ...



Жетістіктің тоқсан пайызы – тер,
он пайызы – шабыт.
*ЭДИСОН*

Әр адам бала кезден ЕҢБЕКПЕН дос болса, дегеніне қалай да жетпек. Жетістікке жету үшін не істеу керек деген сауалға халықтың алдында жұлдыздайын жарқыраған жасөспірімдердің бірі – «Айгөлек» телебайқауының жүргізушісі **ЕРКЕШ ХАСЕН**мен сұхбат құрдым.

Адам баласы өмірге келгесін жемісті ғұмыр кешуді әрі бақытты болуды армандайтыны ақиқат. Табысты жұмыс жасап, аңсаған арманына жетуге талпынады. Әр адам ең алдымен алдына мақсат қоя отырып өзін болашақта үлкен жетістіктер күтіп тұрғанына сене білуі керек. Кез келген іске дайын болып, адымыңды анық баса білсең бойыңдағы бар қорқынышың жоғалады. Сондай-ақ, жаңашыл болуы керек. Басқалармен кеңесе білген адам ештеңеден ұтылмайды екен. Жетістікке жетудің екі жолы бар: өз ақылыңды пайдалану және басқалардың ақылын тыңдау. Менің бүгінгі жеткен жетістіктерімнің бастауы 11 жасар балғын шағымда ұялы телефонға қызығудан басталса керек. Он бір жасқа толғанымда республикалық «Бозторғай» балалар байқауы өтетінін және бас жүлдеге ұялы телефон беретінін естігенде қатты қуандым. Себебі ол кезде ұялы телефон екінің бірінде бола бермейтін. Әсіресе, біз секілді балаларда мүлде болмайтын. Сол бас жүлде менікі болады деген сенімім қатты болса керек, дайындықты әлсіретіп алдым ба, әйтеуір орын ала алмай қалғанда  қатты ашуланғаным бар. Сосын тағы бір мүмкіндікке ие болдым. Сол байқаудан 4 айдан соң, әкім кубогына сайыс өтті. Содан 1-орын алдым. Ұтыс 100 мың теңге болды. Осы сайыста әділқазылар алқасында Марат Омаров ағамыз болды. Сол кісінің арқасында өнердің сара жолында біраз баспалдақтардан шыңдалып өттім. Ең алғаш Ресейдің үлкен сахнасына, «Минута славы» байқауында, сахнаға шығар алдында берген отты, жігерлі сөздері мәңгі жаныма серік болып қалады. Сөзімнің дәлелі болсын, сахнаға шығар сәтте бойымды қорқыныш сезімі билеп тұрғанда Марат аға келіп былай деді: «Еркеш, сен кішкентай болсаң да үлкен есті адамның бағындыратын байқауына қатысайын деп тұрсың. Сондықтан, бұған дейін қаншалықты ерке болсаң, қазір де сол еркелігіңмен ұялмай сахнаға шығуың керек». Осы сөзі бойыма рух беріп, үлкен белесті бағындырдым.

Тағы бір тынысымның кеңіп, екінші демімнің ашылуына септігін тигізген - Тәуелсіздігіміздің 20 жылдық мерейтойы қарсаңында Елбасымыздың балаларға тартуы болған Оқушылар сарайы болды. Мұнда түрлі концерттік бағдарламалар өтеді, жүргізушілікке шақырып тұрады. Оқушылар сарайынан қоңырау түсісімен құстай ұшамын, өйткені бұл шығармашылық сарай мені ерекше қанаттандырады. Менің ұстазым, ол менің әжем. Есімі - Ұлбарам. Дүние есігін аша салысымен мені өз қолына алған осы әжем. Әжем маған үнемі: **«Жетістіктің ең үлкен жауы – “кейін істермін” деп айту»** деп отыратын. Асыл әжемнің осы сөзін үнемі жадымда ұстап, бүгінгі күннің жұмысын ертеңге қалдырған кезім болған жоқ. Арманым ҰБТ-ны ойдағыдай тапсырып ЖОО-на орнына түсу. Кейін тележүргізушілікті де, әншілікті де бірге ала жүру. Басты мақсатым - 18 жастан асқасын 2 жыл дауысымды дайындап, әлі ешкім ала алмай жүрген «Новая Волна» байқауынан бас жүлде алып келу.

Жас дос, жетістік әрқашан сенің жағыңда, тек ерінбе!

Бетті әзірлеген
*Дидар Мәуітова*

# ПОЧЕМУ САМЫЕ ЭФФЕКТИВНЫЕ ЛЮДИ ВСТАЮТ БЕЗУМНО РАНО?



**Пол Деджо – сооснователь старт-апа Ecquire, инструмента по повышению эффективности продаж:**

Я не считаю себя успешным предпринимателем. Я не знаю секрета успешной жизни. Я знаю, что я люблю свое дело, но что мне непросто добиться удовлетворенности и баланса. Я спрашивал совета у других предпринимателей, и они в считанные секунды отвечают, что нужно уметь отключаться, взять отпуск. Но воспользоваться этим советом мне сложно: я не стремлюсь найти лучший способ отдохнуть, я хочу научиться ценить настоящее время.

Но я не хочу быть и буддистом или мастером дзэна. Я хочу побеждать; хочу быть лучшим; хочу, чтобы кое-кто почувствовал себя дураком, что не верил в нас; и я обожаю находиться в центре вечной борьбы, которую представляет собой старт-ап. Но найти баланс в этой битве мне было сложно.

Знаете, когда я добился облегчения? Когда начал вставать в 4 часа утра.

Почему?

Оптимальным шагом к ежедневному счастью мне показалось добыть как можно больше солнечного света.

В первый раз, когда я попробовал встать в 4 утра, мой разум оказался в совершенно новой ситуации – совершенно чуждые ощущения. У меня возникла совершенно другая программа: сделать лучший в мире омлет. Реально потратить на это время и гордиться этим. Такого я прежде не делал.

Если коротко, то почему же я в тот момент чувствовал себя таким сфокусированным, совсем не дергался? Потому, что я понимал: ни один человек не ждет от меня ничего в ближайшие 4 часа. Поэтому способность реально прочувствовать текущую задачу и думать творчески казалась тогда естественной.

До этого я не давал себе выделить время, в течение которого я не буду испытывать давления и каких-то ожиданий. 4 утра стало пространством продуктивного спокойствия – по тем же самым причинам, что я больше всего чувствую креативный настрой по утрам в субботу и на самолете. Из-за этого ощущения я и люблю свою работу. Мне не нужен отпуск. Мне не нужно отступать в сторону. Мне просто нужно иметь в своем распоряжении пару часов в день, пока никто еще не проснулся.

Когда у вас нет возможности куда-то пойти, это устраняет необходимость думать о новых стимулах и, наконец, позволяет нам сосредоточиться.

Приготовить омлет, кофе, поиграть на гитаре, сделать упражнения, послушать радиопередачу, поучить другой язык – все это происходит в «оптимальном состоянии», когда вы не пытаетесь вписать это в ментальное пространство, которое выделяете для корпоративных дел. И к 6.45 я уже работаю над самыми важными делами и сосредоточен на них без какой-либо угрозы, что меня что-то отвлечет в ближайшие пару часов. В ту же секунду, когда вы проверяете почту или заходите на LinkedIn, в уме включаются внутренние часы новых дел и новых задач, и вы попадаете в порочный круг. Если же вы планируете свой день предыдущим вечером, это дает вам чувство контроля и даже предвкушения.

Когда я в первую очередь берусь за самое сложное и успеваю до 9 часов закончить все то, что мне меньше всего хочется делать, это делает остаток дня весьма удовлетворительным.

В конкурентной среде, где быть бесконечно активным и креативным каждый день – это базовое требование, главной угрозой вашему бизнесу становится риск, что вы разлюбите свое дело. Так что исключительно важно повысить качество жизни – и следовательно, работы: то ли вставать в самую рань, то ли действительно отдыхать в отпуске, то ли построить такой график дня, который дает вам сохранить любовь к своему делу.




Сулупан Калиева, 6 лет, школа №59, 1 "Д" класс





Когда я вырасту, хочу защищать животных, потому что если ни кто не будет заботиться о животных, то все животные исчезнут, то всем будет скучно ведь без собак нас никто не будет защищать, если не будет кошек крысы съедят нашу еду. Если не будет птиц, тогда жуки съедят наш урожай и деревья. Я люблю животных, в них много полезного, интересного животные самые умные, красивые, очаровательные, хорошие и полезные. По этому я хочу их защищать. Если вы со мной согласны то помогайте, уважайте и любите их, покупайте своим детям животных. Некоторые люди убивают животных изза их красивой шерсти и кожи их называют браконьерами. Пожалуйста, ни когда не обижайте животных. Они как и мы имеют право на жизнь!



Інжу-Маржан Бодан, школа №66, 4 "Г" класс

# ВЗГЛЯД СНИЗУ

## Дети смешно и интересно отвечают на вопросы

Дарина
Депутат -понятия не имею.
Пенсия – это плата за многолетний труд.
Развод - временная полоса препятствий.

*Айнаш Сейтмуратова*

Развод – боль для всей семьи.
Измена – страдание души.
Налоги- налоги на машины и дороги, а дороги ужасные.
Любовь – это улыбка, радость, красные щечки.
Пенсия- этот вопрос решится до 2018 года.

*Арай Кабдыгалиева*

Измена - предательство со стороны близкого человека.
Развод - нарушение психики детей, деление имущества.

*Харабаянова*

Любовь- это просто химическая реакция в мозговом отделе.
Измена- это, когда заканчивается химическая реакция и человек изменяет .
Развод - несовместимость.

*Садыкова Аида*

**любовь**
**пенсия**
**депутат**
**развод**
**налоги**

Депутат- это наша опора и надежда на лучшее, а еще это крутой чувак, который ездит с мигалками и может все разрушить.
Любовь - это то, что заставляет порхать и забывать обо всем. По крайней мере так написано в книжках.
Измена – это нормально, если любовь все еще жива.
Развод - это нудно и больно, зачем тогда вообще жениться?

*Салтанат Сабыр*



Пенсия
Сколько накопишь-
Столько получишь
Депутат- мой аташка
Любовь-зависимость от него
Измена-дыра в груди
Налоги- нам с ними подфортило ;) Ведь в Европе платят цеклых 70 %
Развод- боль/облегченье
Изучение языка –захватывающе

*Айша Мурали*

Любовь – это жизнь
Налоги – это то, на чем держится инфраструктура города и государства

*Жанель Сулейменова*

**махаббат**
**зейнетақы**
**салық**
**ажырасу**
**депутат**

Махаббаттың бірнеше түрі бар, Мысалы: достық махаббат, ананың махаббаты, қыз бен жігіттің махаббаты. Солардың ішіндегі ең керемет ананың махаббаты.

*Ғалымжанова Аружан*

Зейнетақы дегеніміз әр адам жас кезінде жұмыс істеп тапқан қаржысының, яки жалақысының жартысын өз қорына салады. Сөйтіп қартайғанда жиналған ақшаны ай сайын алады.

*Ғалымжанова Аружан*

Депутат дегіміз халық қызметкері

*Сапархан Аққия*

Ажырасу дегеніміз жұбайлардың бірін-бірі түсініспеуінің кесірінен пайда болатын жағдай.

*Әбішева Аружан*

Салық дегеніміз – әр адамның өзі пайдаланған су, жылу т.б заттарға ақша төлеуі.

*Жәрдембек Нұрмұхамет*

Махаббат – дегеніміз адамның шын жүрекпен бірін-бірі сүюі.

*Аюбек Бақнұр*

Зейнетақы дегеніміз кәрі қарт адамдарға жасаған еңбегі үшін ақшасын төлеу.

*Аюбек Бақнұр*

Депутат президенттің оң қолы. Ол адамдарға жәрдем беріп отырады.

*Сапархан Аққия*

Салықты біз жерге, суға, көлікке төлейміз.

*Мұхитқызы Хамида*

Ажырасу отбасында келіспей қалғаннан туатын мәселе.

*Зулбухарова Рауана*

# 30 тамыз

## АТА ЗАҢ КҮНІ



Махаббат Арапбаева, 8 жас, №38 мектеп, 3 "Д" сынып

Тәуелсіздіктің тірегі - ата заң 30 тамыз Қазақстан Республикасының Конституция күні. Азаттықты айқындайтын бұл күн ел боламын деп, ғасырлар бойы ұмтылған егемендігіміздің еңсесін еселейтін маңызды құжат.

Мемлекетіміздің Конституциясы - бұл біздің бірлігіміздің, татулығымыздың кепілдігі, биліктің, барлық буынының жолға қойылған тиімді жұмысы, еңбек ету, лайықты өмір сүру және жан-жақты үйлесімді даму үшін адамның құқықтары мен бостандықтарын бекіту, ұлтаралық келісім мен елдің гүлденуі болып табылады. Ата заңымыз барда, еліміздің еңсесі әрқашан биік тұрады!

*Бетті әзірлеген*
*Медиа-орталық тілшісі*
*Дина Ораз*

# 21 сентября

# МЕЖДУНАРОДНЫЙ ДЕНЬ МИРА



Ертаева Анель, 7 лет школа №17, кружок ИЗО,
Тема «Мир во всем мире»



Дуйсеналиева Асем школа «Голубой парус», 14 лет «Свет радости неба»





Әділжан Әбдіқарімұлы, 7 жаста, №66 мектеп, 1 "Б" сыныбы

# 1 қыркүйек

## МҰНАЙШЫЛАР КҮНІ

Қыркүйек айының алғашқы жексенбісі – мұнайшылардың төл мерекесі!

Бізді шикізат көзімен қамтамасыз етіп отырған мұнайшылар мерекесі биыл білім күнімен дәлме-дәл келіп отыр. Бұл күнді ерекше атап өтпеу мүмкін емес. Оның бір себебі: мұнай саласы – экономика дамуының негізі емес пе!

Мұнайшылардың жұмысы оңай жұмыс емес. ”Мұнайшылар мұнай бер, Сіздерден соны сұрайды ел”, – деп ақындарымыз жырға қосқандай, қойнауы қара алтынға толған мұнайшыларымыздың мерекесі өз деңгейінде атап өтілді. Біз де «i-Bala» журналының атынан мұнайшыларымызды құттықтап, еңбектеріне табыс тілейміз!

*Мәлімет дайындаған:*
*«Жас тілші» үйірмесінің оқушысы*
*Ораз Дина*

# 1 сентября

## ДЕНЬ ЗНАНИЙ



Тлеушева Акдана, 8 лет, №70 школа, 4 класс

В школе очень весело. Но жаль, что в пятом классе не кормят.

Школа - это друзья, это в шесть утра ставать. Мне в школе нравятся бантики, бантики - они белые.

Школа - это место, где над тобой летают рюкзаки; все слушают музыку; кричат, когда вышел учитель.

Школа- это место, где в будние дни я больше всего вижу своих друзей.

Школа - не только место для получения знаний, но и общение со своими друзьями.

Школа – дверь в хорошее будущее.

Білім күні — оқушылар үшін маңызды күн. Себебі сол күні барлық бала қуанып, мектептеріне барады. Балалардың жүздері күлімдеп, қуаныштан шаттанып тұрады. Оқушы қыздар ақ бантик тақса, ер балалар ақ көйлек киеді. Ал мұғалімдер сол күні оқушылармен қуана қауышады.

Сол күні әр мектепте мерекелік думанды кештер ұйымдастырылады. Оқушылар ұстаздарына гүл сыйлайды. Меніңше, Білім күні — балаларды қуанышқа бөлейтін әдемі мереке күндерінің бірі.

*Әйгерім СЕРІКҚЫЗЫ,*
*№69 мектеп-гимназияның 7 «ғ» сынып оқушысы.*



Алфёров Рашиль, №50 мектеп, 1 "Г" сыныбы

# 15 қыркүйек

## ТІЛДЕР КҮНІ

Достар, әлемде 6000-нан астам тіл болса, солардың 600-не ғана жойылу қаупі төнбейді екен (2700 – негізгі тіл, 4000-ға жуығы – сол тілдердің диалектісі). Кейбір болжамдар бойынша XXI ғасырдың аяғына таман үркердей топ – негізгі тілдер ғана қалып, қалғандары жойылып кетпек. Бірде-бір адам сөйлемейтін тіл өлген тіл болып саналады екен. 1995 жылы қарашаның 5-і күні Момбила ауданында касаба тілінде сөйлейтін ең соңғы Богон есімді азамат дүниеден өтті. Қарашаның 4-і күні касаба тілі бар болса, қарашаның 5-і күні ол тіл жойылды. Бір қызығы әлемдегі 5 мың тілдің ай сайын 2-еуі жойылады екен.

Елімізде тілдер мерекесі қыркүйектің 22-ші жұлдызында тойланады.

*Дайындаған: Медиаорталық тілшісі*
*Толқынбек Дидар*

# 28 сентября

# ДЕНЬ РАБОТНИКОВ АТОМНОЙ ОТРАСЛИ ЗВУЧИТ ГОРДО!

Мой дедушка, Хажимухамет Смагулов, посвятил лучшие годы своей жизни Ульбинскому металлургическому заводу. Он был одним из тех, кто в 60-х годах помогал поднимать этотпромышленный гигант. Сейчас же АО «УМЗ» является одним из предприятий АО «НАК «Казатомпром».

В отличие от углеводородной энергии атомная энергия безопасна в экологическом плане и распространена в наших районах. Но как и везде, среди множества плюсов есть свои отрицательные моменты. Речь о повышенной радиоактивности вследствие испытаний на Семипалатинском ядерном полигоне.

Чтобы в будущем не допускать подобных ошибок, еще в советское время был создан Институт ядерной энергетики им. И.Курчатова. Основное направление исследований – изучение возможностей снижения уровня радиоактивности при промышленном производстве ядерной энергии.

Атомщик, как никто другой, вносит свою лепту в развитие атомной индустрии, о чем свидетельствуют результаты 15-летнего труда АО «НАК «Казатомпром». Это положительно сказывается на экологическом и экономическом положении в Казахстане.

Один из залогов процветания компании - хороший руководитель. 26 августа 2012 года глава «Казатомпром» Владимир Школьник получил звание «Золотой Меценат». Он оказывает финансовую поддержку для строительства детских садов, реконструкции библиотек и спорткомплексов. Самым грандиозным его проектом является «Дворец школьников» г. Астаны. Спонсирование строительства этого объекта для учеников нашей столицы реализовала великолепную идею по занятости ребят в свободное от уроков время. Теперь дети всех возрастов могут найти увлечение для себя, саморазвиваться и найти свое будущее в любом из направлений.

Игорь Курчатов, Владимир Школьник, мой дедушка – все они оставили свой след в истории атомной энергетики. И что бы ты ни делал, кем бы ни был – создателем ли первой атомной бомбы, простым ли металлургом или же руководителем процветающей компании, главное - помнить, что все это делается на благо людей.

*Карина Смагулова*



Ни Даниэль Генадьевич, 7 лет, №27 школа, 1 класс



# 30

## қыркүйек

## ӘДІЛЕТ КҮНІ

Елбасымыздың жарлығымен 30 қыркүйек әділет органдары қызметкерлерінің күні деп бекітілді. Мерекеге Әділет департаменті қызу дайындық үстінде. Мерекені барынша қызықты ету үшін түрлі акциялар өткізіледі. Патриотизм мен адами ынтымақтастық бұл іс-шараның негізі болып саналады.

*Мәлімет дайындаған:*
*«Жас тілші» үйірмесінің оқушысы*
*Ораз Дина*

# 29

## қыркүйек

# МӘДЕНИЕТ КҮНІ



Мәдениет деген… Бір жарым сағат театрда, жарты сағат көрме залында өткізу ме? Әлемдік брендтен киініп, салонға барып шаш қою ма? Жо-о-оқ, достар, мәдениет – достық сияқты, ар, иман, намыс сияқты, тәуліктік ұғым. Алдыңа келген адамды тыңдағаның да, еден жуушының еңбегін сыйлағаның да мәдениет. Биік өнерді қажетсінгенің де, құрметтегенің де мәдениет. Елімізде мәдениет күнінде мерекелік іс-шаралар өтеді. Бұл күні театр, балет, т.б. жерлерге баруға тырысайық.

*Толқынбек Дидар*

# ОТБАСЫ КҮНІ

*Однажды к маме пришли ее дети, между собой и доказывая свою правоту друг другу с вопросом - кого она любит больше на свете? Мать молча взяла свечу, зажгла ее и начала говорить:*
*- Вот, свеча – это я! Ее огонь моя любовь!*
*Затем она взяла еще одну свечу и зажгла ее от своей.*
*- Это мой первенец, я дала ему огня, свою любовь! Разве от того, что я дала огонь, огонь моей свечи стал меньше? Огонь в моей свече остался прежним...*
*Так она зажгла столько же свечей – сколько у нее было деток... Огонь ее свечи оставался так же большим и теплым.*



# Моя дружная и счастливая семья



Меня зовут Алина. Мне 13 лет. Живу я в одном из самых красивых городов мира - Астане. У меня большая и дружная семья, которая состоит из любящих родителей, двух сестренок и братишки.

Хочу начать с того, что у нас заботливый сильный папа и замечательная нежная мама. Заботясь о нас, мои родители стараются создать всевозможные условия для нашего счастливого детства. Несмотря на свою занятость, наш папа всегда находит время для нас.

Я учусь в 8 классе. Моих сестренок зовут Салима (6 лет) и Саида (5 лет), а младшего брата Темирлан (3 года). Еще с нами живут мои две бабушки - Рая и Умит, которые нас балуют и лелеют, а воспитанием занимаются мои папа и мама. В нашей дружной семье, как и во всех семьях есть свои традиции и правила. Выходные мы стараемся проводить всей семьей - каждую субботу стараемся дружно ходить в кино или выезжать за город на природу, а после, вечером, садимся за стол и рассказываем о своих недельных достижениях родителям.

С младшими сестрами я люблю кататься на велосипеде. С мамой я делюсь своими девичьими секретами, а папе рассказываю о своих достижениях. Когда папа приходит с работы домой, то мы с радостью встречаем его, особенно Темирлан, который знает, что папа никогда не приходит домой с пустыми руками. Так он балует нас, из-за чего мама Жанар, шутя, говорит, что наш папа Архат - «всесезонный Дед Мороз».

Наши родители делают все для того, чтобы мы росли воспитанными, культурными, образованными. Для того, чтобы мы были всесторонне развитыми, наша мама записала нас на кружки во Дворец школьников, при выборе которых ей были важны наши интересы и мнения. Я для себя выбрала кружки школы моделей и театрального искусства. Здесь я обрела новых друзей и стала более уверенной в себе. Салиму мама записала на кружок народных танцев, это у нее неплохо получается, благодаря ее стараниям и профессионализму педагога, с которым они не раз выступали на сцене. Салима была примером для Саиды, и в этом году наша самая младшая сестренка начала ходить на кружок балетной гимнастики.

Хотя нашему братишке всего 3 годика, но он уже проявляет свой мужской характер. Наш любимый папа гордится, а мама говорит «Наш защитник».

Я очень горжусь, что у меня такая большая и дружная семья. Наш папа является нашей опорой и нашим защитником, а мама нам, девочкам, примером для подражания. Я очень рада, что мой папа прилагает все усилия, чтобы наше детство прошло счастливым и безоблачным, а мама обеспечивает домашний уют и тепло, даря нам свою любовь и заботу. Я очень горжусь, что живу в такой большой, дружной и счастливой семье.

*Что нужно для того, чтобы построить крепкую семью, чтобы в ней было много смеха, солнечных дней, хорошего настроения? Расскажите нам о традициях и обычаях, о ценностях в своей семье, о мечтах и привычках. Поделитесь с нами своим миром! Самые интересные рассказы мы отметим призами. Вы получите возможность бесплатно обучаться в одном из кружков Дворца школьников.*
*Дерзайте, друзья!*

# КОНКУРС "МОЯ СЕМЬЯ"

Қоғамды құрайтын басты элемент – отбасының проблемаларына назар аударту мақсатында 1993 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясы Халықаралық отбасы күнін белгілеу туралы қарар қабылдайды. Содан бері әлемнің бірқатар елдерінде, соның ішінде Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерінің көбінде (Әзербайжан, Беларусь, Украина және т.б) 15 мамыр Отбасы күні ретінде мерекеленеді.

Кейбір елдерде мерекенің атауы сақтала отырып, өздерінің ұлттық ерекшеліктеріне, салт-дәстүрлеріне қарай басқа күндерге белгіленген. Мысалы, Ресейде жыл сайын 8 шілдеде Бүкілресейлік отбасы, сүйіспеншілік және адалдық күні деп аталып өтіледі.

Бірнеше жылдан бері бұл күн елімізде қоғамдық бастама негізінде атап өтіліп, отбасын дәріптеуге арналған іс-шаралар ұйымдастырылып келеді.

Бұл ретте елімізде өткізілетін іс-шаралардың ұлттық ділімізге тән сипатын, мазмұндық ерекшеліктері атап өтілуі керек. Оларда отбасын қадірлеу сезімі өскелең ұрпақ санасына жастайынан сіңірілуі көзделіп, ата-ананың балалары алдындағы және балалардың ата-ана алдындағы парыздарын насихаттау, жастарымызды жарасымды отбасын құрып, өнегелі ұрпақ тәрбиелеуге шақыру бағытындағы тәрбиелік мәні зор іс-шаралар өткізілу көзделеді. Сондықтан, ҚР Президентінің 2013 жылғы 1 наурыздағы Жарлығымен елімізде қыркүйек айының екінші жексенбісі Отбасы күні болып белгіленді.

*Әлпейісова Камал*



## АНА

*Барлық адам туылады анадан,*
*Ана деген махаббаттан жаралған.*
*Шуағымен нұр шашқан бар әлемге,*
*Алтын күнді аспанмен тең саналған.*

*Жылы жүрек, алтын қолды аналар,*
*Барлық жанның көңілдерін таба алар.*
*Аналарды сыйлап өтсек дер едім,*
*Жырлап өткен оны барлық бабалар.*

*Анасына жыр төкпеген жан бар ма?*
*Ана деген қымбат барлық адамға.*
*Бесікті де, әлемді де тербеткен*
*Ана деген әр адамда бір ғана.*

*Әлдилеген ақ бесікте баласын,*
*Анам, маған сен мәңгілік дарасың.*
*Аналарды құрметтейік, адамдар,*
*Сонда ғана Жұмаққа сен барасың!*

*Құнқабаева Назира*
*№70 мектептің 5 «в» сынып оқушысы.*

## МЕНІҢ ОТБАСЫМ

Менің отбасым бес адамнан тұрады. Атам, әжем, анам, апам және мен. Біз отбасымызбен тату-тәтті тұрамыз. Атам мен әжем зейнеткерлер. Олар біздің білімді, білікті, жақсы азаматша болып өсуіміз үшін үнемі ақылдарын айтып, «оқы, оқы және тоқы», — дейді.

Ал анам — жеке кәсіпкер. Мен анама алғыс айтқым келеді. Себебі анам бізді өмірге алып келіп, түн ұйқысын төрт бөліп тәрбиелеп, мәпелеп өсірді. Апам екеуміз қазір мектепте оқимыз. Біз үшін отбасы әрқашанда бірінші орында тұрады. Сол үшін үйдегі үлкендерге көмектесіп, оларды қуантқымыз келіп тұрады.

Анам үнемі: «Менің отбасым — менің байлығым», — деп отырады. Анамның ақ сүтін, еңбегін ақтау үшін біз сабағымызды жақсы оқып, ақылды болуға тырысамыз.

*Марал ҚАНАТҚЫЗЫ,*
***№57 орта мектептің 6-сынып оқушысы.***

Биыл отбасы күні алғаш рет тойланды. Бұл мереке туралы газеттерде көп мақала жазылды, теле арналарда көптеген қызықты хабарлар көрсетілді. Үлкен мереке болды. Отбасы кез-келген адам өмірі үшін өте маңызды деп ойлаймын. Мысалы мен өз отбасымды өте жақсы көремін, құрметтеймін және бағалаймын. Отбасы деген ол адамдардың бір-біріне деген махаббаты. Отбасысыз адамдарға өмір сүру қиын шығар. Өйткені отбасы мүшелері әрдайым бір-біріне қамқор болады. Менің екі інім бар. Біреуі жетіде, екіншісі үште. Мен екінші сыныптағы Санжар дегенініме сабақ қарауға көмектесемін, ал Санжар болса мен үй жинағанда болысады. Екеміз бірге кішкентай інміз Батырды далаға шығарып ойнатамыз, сүтін береміз, қараймыз. Мен отбасыммен бірге бақта серуендеп жүріп балмұздақ жегенді, бірге мультфильмге барғанды ұнатамын. Ал отбасыңмен бірге теңізге барған тіптен тамаша.   Біз жазда Жерорта теңізінде шомылып, күнге қыздырындық. Дельфиндердің биін көріп, олармен бірге суретке түстік. Отбасы күні әжем, анам, әкем ,мен және інілерім үйде қонақ күттік. Барлық қонақтар осы мерекемен құттықтап, көп тілек тіледі. Отбасы аман болсын деп жиі айтты. Менің де ойымша отбасындағы жақын адамдарың аман болса, бұл ең үлкен бақыт.

*Алманова Салтанат*
*38-мектеп-лицейдің 6 в сынып оқушысы*

## МОЯ СЕМЬЯ – МОЯ МИКРО-ВСЕЛЕННАЯ

Я привыкла считать себя бесконечно богатой, ведь у меня есть большая и дружная семья, которая всегда поддержит меня и может полагаться на меня, где бы я ни была. Если рассматривать семью в качестве маленького государства, то готова смело заявить, что у нас царит патриархат – щадящий патриархат. Своеобразный царь никогда не принимает решения без его верного советчика - мамы. Сладкая участь воспитания детей досталась маме, которая до сей пор ни разу не совершала оплошностей в этом тонком деле. С детства эта прекрасная женщина привила у меня и моих двух братишек любовь к окружению, уважение к старшим и сопереживание к слабым. Мы впитали в себя казахские традиции с материнским молоком, а первые шаги на встречу современному миру были сделаны под крепкую руку родителя.

Каждая семья имеет свои традиции и обычаи вне зависимости от местности, религии, страны. Моя семья не стала исключением. Принимая какие-либо решения, начиная какое-либо дело, мы всегда просим благословения у старших – дедушки и бабушки. Даже начиная трапезу, мы начинаем именно со старших – этот жест способен описать их место в нашем доме. Считаю, что именно благодаря напутствиям глубокоуважаемых прародителей мы все еще не сбились с верного пути к истинному семейному счастью.

*Морали Айша*

## МЕНІҢ ӘЖЕМ

Менің әжемдей әже ешкімде жоқ. Ол бәрінен де сұлу, ақылды және өте көңілді адам. Мен Рысалды әжемді жақсы көремін. Өйткені ол бізді еркелетеді, ақылын айтады, ертегі оқып береді. Тамағымызды пісіріп, киімімізді дайындап, сабағымызды оқытады. Түрлі қосымша үйірмелерге қатыстырып, Оқушылар сарайына алып келеді. Әжемнің осындай қыруар шаруаны әп-сәтте тындырып, бәріне үлгеріп жүргеніне таң қаламын.

Мен өскенде әжемді бағамын Әжем мені қалай еркелетсе, ертең өскенде мен де оны солай еркелететін боламын!

...Әже, мен сізді жақсы көремін!

*Әділ ӘУЕЗОВ,*
***№2 мектептің 2-сынып оқушысы.***

## МЕНІҢ ОТБАСЫМ

Менің отбасымда алты адам бар. Олардың әрқайсысы мен үшін ыстық. Бұлай дейтін себебім, отбасымдағы үлкендер әркез маған көмектесіп, қолдау көрсетіп отырады. Мысалы, әпкем мен ағам маған ағылшын тілінде сөйлеуді және жазуды үйретеді. Ал анам мен әкем математика пәнінен көмектеседі. Мен ағам, әпкем сияқты ағылшын тілінде еркін сөйлеуге, ата-анам сияқты есепті жақсы шығаруға тырысамын. Сол үшін сабағымды жақсы оқимын. Қолым бос болғанда анама көмектесемін. Ыдыс жуамын, үйдің шаңын сүртемін, еден тазалаймын.

Әкем мен анам: «Кішілер әрқашан үлкеннің айтқанын тыңдау керек», — дейді. Мен ата-анамның бұл пікірін қолдаймын. Үлкендер ақылын тыңдасақ, біз бақытты отбасы боламыз!

*Жадыра БУКИНА,*
***№70 лицей. 4-сынып оқушысы.***

# ФОТОПРОЕКТ "ПАПИН"

Все мы, будучи детьми и проводя время с родителями, хотим так или иначе быть на них похожими. Только у мальчиков интересы чисто мужские, сродни тем, что у их отцов. А девочки подражают во всем мамам, прислушиваются к советам и одеваются даже похоже. В общем, дочки мамины, а сыновья папины. А почему это они папины-мамины, пусть вам расскажут сами дети!



## ВСЕГДА ВМЕСТЕ С ПАПОЙ

У меня и папы день рождения в один день. Мы с ним всегда вместе. В Тайланде, например, мы с папой кормили обезьян и слонов, а в Астане вместе ходим на карате и футбол. Я очень люблю папу. Мой папа - самый лучший в мире!

Папа - Серик Шарипов
Сын - Дильшат Дамиров, ученик 1 класса,
школы № 63 г. Астаны, студия Изобразительного искусства

# ПАПА - мой лучший друг



Мой папа всегда находит время пообщаться со мной: дома, по дороге в школу, в выходные, в рабочие дни и даже будучи в командировке. Это помогает ему знать меня как самого себя, и поэтому благодаря его советам во мне раскрылись многие качества, которым он и мама моя гордятся. Оказывается, у меня есть слух, и это помогло мне реализовать себя в игре на домбре и быстро освоить ноты. Он научил меня правильно плавать, и я очень полюбил это занятие, даже выигрывал городские соревнования. Папа научил меня играть в шахматы, и я даже не ожидал, что я буду иметь успех даже в этом.

Нуралдин Темирташев, 11 лет




# МАМА В МЕНЯ ВЕРИТ!

Моя мамочка - самая лучшая! В первую очередь, это мой настоящий друг. Мама для меня является примером хорошей хозяйки, любящей жены, нежной мамы (у меня еще есть сестренка и братик) и просто красивой, современной женщины.

В очередной раз убедилась, что всегда могу рассчитывать на поддержку и совет мамы. Когда я очень хотела заниматься вокалом, но думала, что не справлюсь, так как надо было совмещать учебу и музыкальную школу (фортепиано, хор), мамина поддержка и вера вселила в меня уверенность, что я смогу. Иногда было тяжело. Но, выступая на сцене, я почувствовала себя настоящей звездой, и поняла, что все мои, а точнее, наши с мамой усилия были не напрасны. Спасибо, милая мама за любовь!

Даяна Сулейменова, 12 лет

# ФОТОПРОЕКТ "МАМИНА"

Я люблю мамочку. Она покупает мне одежду, и мне нравится, что она выбирает для меня. Еще она вкусно готовит, читает мне на ночь и всегда перед сном целует, желает приятных снов. Утром она заплетает мне косички, потом собирает в школу, готовит завтраки. Она носит красивые платья и говорит мне, что когда я вырасту, то буду носить такие же, и даже лучше.



# Бейне жоба







Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың тапсырмасымен жас қазақстандықтардың шығармашылық және ғылыми білім алу әлеуетін дамыту мақсатында Оқушылар сарайында Ұлттық Интерактивті Парк ашылғаны белгілі. Осы парк жайында бала тіліне икемделіп түсірілген роликтер топтамасы, жақын күндері Балапан арнасынан эфирге шығады. Оқушылар сарайы мен «Балапан» арнасының осы бірлескен жобасы жөнінде арна басшысы, әрі белгілі тележүргізуші Ләйлә Сұлтанқызымен, тележүргізушілер үйірмесінің оқушысы Алманова Салтанат сұхбаттасты.

**Оқушылар сарайындағы интерактивті парк жайлі «Балапан» арнасы көптеген роликтер түсірді. Осы жоба туралы пікіріңіз?**

Бұл біздің оқушылар сарайымен бірлесіп шығарған алғашқы жобамыз. Егер нақты айтар болсақ қазіргі кішкентай бүлдіршіндер, кішкентай балалардың барлығы қазіргі заман ағымына ілесіп келеді, олардың сұранысын қанағаттандыру мақсатында бұл оқушылар сарайының жасаған үлкен бастамасы. Елдегі бірден-бір бірегей балалар арнасы біз болғандықтан оны қолдағанды жөн деп санап отырмыз. Жоба туралы менің пікірім өте оң. Өйткені осындай жобалар балаларға қажет. Интерактикті парк жайлы біздің балалар білуі тиіс деп ойлаймын.

**Болашақта осындай бірлескен жобалар жоспарда бар ма?**

Биылғы жыл аяқталып қалды, дегенмен жалпы бастамасы жаман емес деп ойлаймын. Болашақта да міндетті түрде оқушылар сарайымен бірлескен жобалар жасайтын боламыз.

**«Балапан» арнасының кастингтерін оқушылар сарайында өткізуге бола ма?**

Болады. Міндетті түрде. Біздегі бағдарламаларды түсіретін компаниялар мен студиялардың басым көпшілігі Алматы қаласында орналасқан, менің ойымша осындай сапалы студиялар Астана қаласында да бар. Сондықтан оны ұйымдастыруға болады.

**Оқушылар сарайында жасалған мультфильмдерді «Балапан» арнасынан көрсетуге бола ма?**

Әрине егер ол өте сапалы, кәсіби болса көрсетуге болады.

**Ұстаздар мерекесі қарсаңында құттықтауыңыз болса.**

